

«ЕСОВАТҮС - ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕККЕ БАУЛУ: ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ –нің 2026 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 5 маусым күні Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған **«ЕСОВАТҮС - ерте жастан еңбекке баулу: дәстүрлі және заманауи педагогикалық технологиялардың интеграциясы»** тақырыбында республикалық семинар ұйымдастырылып өткізілді.

Семинардың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жастан экологиялық сауаттылықты қалыптастыру мен еңбекке баулу бағытындағы тиімді тәжірибелерді насихаттау, дәстүрлі және заманауи педагогикалық технологияларды ықпалдастыру жолдарын көрсету, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және үздік тәжірибелермен алмасу алаңын құру болды.

Аталған республикалық іс-шараға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ өкілдері, өңірлік білім басқармаларының мектепке дейінгі білім беру саласына жауапты мамандары, облыстық және аудандық әдістемелік орталықтардың әдіскерлері, мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, әдіскерлері мен педагогтері қатысты. Семинар жұмысына республика өңірлерінен келген 200-ден астам педагог офлайн форматта қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

Семинар бес тәжірибелік алаңда ұйымдастырылды. Әрбір алаңда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың өзекті бағыттары қамтылып, экологиялық тәрбие, еңбекке баулу, кәсіптік бағдар беру, цифрлық технологияларды қолдану және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бойынша мазмұнды жұмыстар жүргізілді.

№48 «Мұрагер» бөбекжайында өткен «ECOSTEAM зертханасы – шығармашылық пен еңбек дағдыларын интеграциялау» тәжірибелік алаңында экологиялық жобалар, зертханалық жұмыстар, робототехника мен жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері, STEAM технологиялары және балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-тәжірибелер ұсынылды. Қатысушылар зерттеу әрекеттері мен шығармашылық шеберханалардың жұмысымен танысып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдарын көрді.

№47 «Бәйтерек» бөбекжайында ұйымдастырылған «Экоорта қалыптастырудағы серіктестік: білім беру ұйымдары мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен эко-жобалары» тәжірибелік алаңында әлеуметтік серіктестік негізінде жүзеге асырылып жатқан жобалар таныстырылды. Балалардың алғашқы кәсіптік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар, колледждермен бірлескен тәжірибелер, экологиялық бастамалар мен кәсіптік бағдар беру бағытындағы тиімді тәжірибелер көрсетілді.

№37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайында өткен «Цифрлық эко-квест: экологиялық тәрбие мен кәсіптік дағды» алаңында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолданудың заманауи үлгілері ұсынылды. Қатысушылар экологиялық квесттерге, робототехника элементтері енгізілген іс-шараларға, гидропоника жобаларына және инновациялық тәжірибелерге қатысып, балалардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстармен танысты.

№50 «Заңғар» бөбекжайындағы «Табиғатпен үндескен тәрбие: ұлттық құндылықтар арқылы экологиялық сана қалыптастыру» тәжірибелік алаңында ұлттық тәрбие мен экологиялық мәдениетті ұштастырудың тиімді жолдары көрсетілді. Зерттеу жұмыстары, экологиялық шеберлік сабақтары, интерактивті ойындар, ұлттық құндылықтарға негізделген тәжірибелер мен цифрлық зертханалар жұмысы ұйымдастырылды.

«Айна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесінде өткен «Ерте жастан еңбекке баулу: мектепке дейінгі ұйымдағы тиімді тәжірибелер» тәжірибелік алаңында балалардың кәсіптік бағдарын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар ұсынылды. Аспаздық өнер, құрылыс, сән және дизайн, LEGO технологиялары бойынша шеберлік сыныптары өткізіліп, баланың табиғи қабілеттерін ерте анықтау мен дамыту мәселелері талқыланды.

Семинардың екінші жартысында Орал қаласындағы «Атамекен» өнер ордасында пленарлық отырыс өтті. Пленарлық бөлімге Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ өкілдері, өңірлік білім басқармаларының мамандары, облыстық және аудандық әдістемелік орталықтардың әдіскерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтері қатысты.

Пленарлық отырыстың модераторлары Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білімді дамыту бөлімінің басшысы Жадыра Мұратқызы Бекжанова және Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығының директоры Гүлмира Қамалқызы Кубашева болды.

Пленарлық бөлім көрме жұмыстарын тамашалаудан басталды. Қатысушылар «ECOART KIDS: Қиял мен қайта өңдеу әлемі», «ECOPLAY KIDS: Ойындар әлемі» және «ECOTECH: Цифрлық шешімдер мен жасыл идеялар» атты көрмелермен танысып, мектепке дейінгі ұйымдардың экологиялық тәрбие, ойын технологиялары, робототехника және цифрлық білім беру бағытындағы үздік тәжірибелерін тамашалады.

Пленарлық отырысты Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысы Елдос Набиоллаұлы Сафуллин ашып, қатысушыларды республикалық семинардың жұмысымен құттықтады. Ол өз сөзінде мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту, балалардың ерте жастан экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекке баулу бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің ақпараттандыру және қоғаммен байланыс департаментінің аға сарапшысы Томпай Үміт «Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары» тақырыбында баяндама жасап, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың заманауи талаптары мен даму перспективаларын таныстырды.

Сырым ауданы Молдаш Қаналиев атындағы мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің тәлімгері Нұрболат Серікұлы Жұмағазиев «Табиғатпен үндес тәрбие» эко-жобасы аясындағы «Жаңашыл идея – жасанды интеллект мүмкіндігінде» тақырыбында баяндама жасап, жасанды интеллект технологияларын мектепке дейінгі ұйымдар тәжірибесіне енгізудің тиімді жолдарын көрсетті.

Әлеуметтік серіктестіктің нәтижелері туралы Орал «Сервис» технологиялық колледжінің директоры Айгүл Бисенбайқызы Искалиева мен Орал қаласы №47 «Бәйтерек» бөбекжайының меңгерушісі, құзыреттілік орталық жетекшісі Эльмира Айдынғалиқызы Еришова «Әлеуметтік серіктестік: бірлескен жұмыс нәтижесі» тақырыбында баяндама жасап, білім беру ұйымдары мен әлеуметтік серіктестер арасындағы бірлескен жұмыстардың тиімділігін атап өтті.

Орал қаласы №9 «Еркемай» бөбекжайының меңгерушісі, желілік қауымдастық жетекшісі Айжан Сұлтанқызы Убишева «Мектепке дейінгі ұйымдардың желілік қауымдастығы – кәсіби дамудың тиімді алаңы» тақырыбында баяндама жасап, педагогтердің кәсіби өсуіндегі желілік қауымдастықтардың маңызын көрсетті.

Пленарлық бөлім соңында қатысушылар тарапынан ұсыныстар айтылып, кері байланыс ұйымдастырылды. Семинар барысында ұсынылған үздік тәжірибелер талданып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие, еңбекке баулу, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану бағытындағы жұмыстарды жетілдіру жөнінде пікір алмасу жүргізілді.

Іс-шара қорытындысында белсенді қатысушылар мен үздік тәжірибе көрсеткен педагогтер марапатталып, республикалық семинар өз жұмысын табысты аяқтады. Семинар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық мәдениет пен еңбек дағдыларын қалыптастырудың озық тәжірибелерін таратуға, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды республикалық алаң болды.

Семинарға қатысушылар ұйымдастырылған іс-шараның мазмұны мен тәжірибелік маңыздылығына жоғары баға беріп, өздерінің оң пікірлері мен алғыстарын білдірді. Олар ұсынылған тәжірибелердің кәсіби қызметте тиімді қолдануға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Өткізілген семинар-практикум материалдары Институттың ресми сайтында <http://irrd.kz> және әлеуметтік желілерде орналастырылды және қарау үшін қолжетімді.

<https://www.facebook.com/share/v/18fo2bsnA6/>

<https://www.instagram.com/reel/DZNW2cWtXEz/?igsh=MXNmOHF1NDJzYnk>

[1Mg==](#)

<https://www.facebook.com/share/v/1Bt6TuCx7K/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1AjNSZbATP/>

<https://www.instagram.com/reel/DZT9SR7sfj/?igsh=dmNmNWhmNmlzazB4>